



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№28 (1985) 30 ШИЛДЕ 2025 ЖЫЛ

Михаил Мишустин Омбыдағы

Михаил Мишустин Омбы қаласында орналасқан Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалына барды. ҚазҰУ – Ресей аумағында өз филиалын ашқан алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны.

ҚазҰУ филиалының жұмысымен танысты



ҚазҰУ филиалының Омбы мемлекеттік университеті базасындағы ресми ашылуы 2024 жылғы 27 қарашада екі ел президенттерінің қатысуымен өтті.

РФ Үкіметінің Төрағасы Қазақстанда жұмыс істеп жатқан ресейлік филиалдардың бөлсенді қызметі үшін

алғыс білдіріп, Омбыда қазақстандық жетекші университеттің филиалының ашылуының маңыздылығын ерекше атап өтті. Сонымен қатар ол талапкерлерді ҚазҰУ филиалына оқуға түсуге шақырды.

Қазіргі таңда қабылдау науқаны аясында филиал бакалавриаттың үш бағыты бойынша, атап айтқанда, филология факультетінен «Қазақ тілі мен әдебиеті», заң факультетінен «Кеден ісі», халықаралық қатынастар факультетінен «Халықаралық құқық» бағыттары бойынша студенттерді қабылдап жатыр. Филиалға жалпы 200-250 талапкерді қабылдау жоспарланып отыр.

Қаншайым
БАЙДӘУЛЕТ



атындағы Омбы мемлекеттік университетінің ректор міндетін атқарушы Иван Кротт қатысты.

Қонақтар қабылдау комиссиясының жұмысымен танысып, ҚазҰУ-дың оқу корпусы мен ғылыми кітапханасын аралады.

Кездесу барысында ҚазҰУ ректоры филиалдың құрылу тарихы жөнінде айтып өтті, ал Саясат Нұрбек Қазақстандағы ресейлік жоғары оқу орындарының филиалдарының қызметі туралы баяндады.



Білім беру интеграциясын ілгерілетуге уағдаласты

Омбыда ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев және РФ Ғылым және жоғары білім министрі Валерий Фальков жоғары білім саласындағы серіктестікті тереңдетуге бағытталған кездесу өткізді. Келіссөздер Ресей Үкіметінің Төрағасы Михаил Мишустиннің Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетіне сапары аясында ұйымдастырылды.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Ресей арасындағы білім беру интеграциясын ілгерілету, академиялық байланыстарды кеңейту және ғылыми серіктестікті тереңдету мәселелерін талқылады.

Саясат Нұрбек Омбы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалын ашу – екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің жарқын көрінісі екенін атап өтті. Бұл бастама шекара маңы аймақтарындағы жастарға сапалы білімге қол жеткізуге жол ашып, студенттердің академиялық ұтқырлығын арттырады.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің Қазақстандағы көшбасшы жоғары оқу орны ретінде білім кеңістігіндегі ықпалдастық пен трансшекаралық жобалар-

ға бөлсенді үлес қосып келе жатқанын айтты. Оның айтуынша, ҚазҰУ бүгінде әлемнің беделді QS рейтингінде 166-орынды иеленіп отыр. Бұл көрсеткіш университеттің халықаралық деңгейдегі ғылыми, академиялық және инновациялық әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді. Сонымен қатар ректор ҚазҰУ филиалы болашақта екі ел арасындағы ғылым мен білім саласындағы интеграциялық үдерістерді тереңдетін маңызды алаңға айналатынына сенім білдірді.

Тараптар сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, ғылыми зерттеулер жүргізу, академиялық алмасу тетіктерін жетілдіру және кадр даярлау бағытында өзара іс-қимылды күшейтуге ниетті екендерін білдірді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



2-бег
Жерүсті
спутниктік
станциясы
салынады



3-бег
Біздің әдістермен
алынатын
реагенттердің
экономикаға
пайдасы зор



4-бег
Қашықтықтан зондтау
технологиялары және
оларды қолдану
зертханасы



Жерүсті спутниктік станциясы

салынады



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Хайнань спутниктік деректер орталығы және Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлескен жерүсті спутниктік станциясы салынады.

Хайнань провинциясының Қытай халық саяси кеңесінің комитеті (ҚХСКК) делегациясымен өткен кездесуде спутниктік жерүсті станциясын орнату және оның орнын таңдау туралы хаттама-келісімге қол қойылды.

ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов өз сөзінде: «Өткен жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытай Халық Республикасының Солтүстік-батыс политехникалық университеті микроспутник арқылы ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша келісімге қол қойды. Аталған келісімге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстанға ресми сапармен келген ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бірлескен мәлімдемесінде қол жеткізілген болатын. Қазіргі уақытта біздің ғалымдар СБПУ-дағы әріптес-

термен бірлесіп келесі буындағы – Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы университеттік микроспутник болып табылатын NKSAT жобасын әзірлеуде», – деді.

Жалпы құны 3 миллион АҚШ долларын құрайтын жоба аясында ҚазҰУ аумағында Хайнань спутниктік деректер орталығы және СБПУ-мен бірлесіп жерүсті станциясын орнату жоспарлануда. Бұл станция X-диапазонда жұмыс істеп, біздің спутниктермен қатар,

басқа елдердің спутниктерінен де сигнал қабылдап, өңдеуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Хайнань провинциясы ҚХСКК төрағасының орынбасары Ли Голян университетке жемісті ынтымақтастық үшін алғыс білдіріп, Хайнань спутниктік деректер орталығының жерүсті станциясын құру тараптар арасындағы серіктестіктің жаңа кезеңін ашатынын атап өтті.

Өзара келісім негізінде ҚазҰУ-дағы Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы базасында жерүсті қабылдау станциясын орнату бойынша бірлескен жұмыстар атқарылады. Жоба Қазақстан мен шекаралас аумақтарда спутниктік деректерді тарату, алмасу және тиімді пайдалану мүмкіндігін арттыруға бағытталған.



Суперкомпьютерлік жүйелерді меңгеру

курсы өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Farabi Supercomputer Center қызметкерлері үшін халықаралық ZTE компаниясының қолдауымен ұйымдастырылған арнайы курс өтті. Оқу бағдарламасы жоғары өнімді есептеулер (HPC) және суперкомпьютерлік жүйелерді тиімді басқару саласындағы дағдыларды дамытуға бағытталған.

Курс бағдарламасы суперкомпьютерлердің архитектурасы мен қолданбалы тапсырмаларын терең зерттеуді, олардың орналастыру әдістері мен HPC жүйелерін басқаруды, жүйелік және пайдаланушы модульдерін орнату мен баптауды, сондай-ақ тапсырмалар жоспарлаушылары мен (SLURM) тиімді жұмыс істеуді және Conda мен басқа орта басқару құралдарын пайдалануды қамтиды. Қатысушылар күрделі ғылыми және инженерлік міндеттерді шешу үшін қажетті заманауи технологияларды меңгеретін болады.

ҚазҰУ-дың Инженерия және ғылымды қажетсінетін технологиялар кластерінің бас ди-



ректоры Әмірхан Темірбаев атап өткендей, оқу процесі аралас форматта өтті. Теориялық дәрістер нақты жағдайлардағы практикалық сабақтармен толықтырылады. Бұл Farabi Supercomputer Center мамандарына HPC саласын-

дағы алған білімдерін ғылыми, инженерлік және өнеркәсіптік міндеттерді, соның ішінде климаттық жағдайларды болжау, физикалық процестерді модельдеу, биоақпараттану, үлкен деректерді өңдеу және тағы басқа үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл курс Қазақстандағы суперкомпьютерлік технологияларды дамытудағы маңызды қадам және ҚазҰУ мен HPC саласындағы әлемдік жетекшілер арасындағы ынтымақтастықты нығайтады.


Әйгерім ӘЛІМБЕК



ҚазҰУ туралы

деректі фильм түсірілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне TRT Avaz теле-радиоккомпаниясының шығармашылық тобы жұмыс сапарымен келіп, «Жаңа ғасыр және Түркі әлемі» атты деректі жоба түсірілді.



Аталған жоба 13 бөлімнен тұрады және түркі мемлекеттеріндегі технологиялық серпілістер мен ғылыми жаңалықтарды халықаралық аудиторияға таныстыруды мақсат етеді.

TRT жобасының премиум режиссері – Сонер Ажар, продюсерлері – Гүл Хатиже Жебежи, Метехан Эже.

Шығармашылық топ университет оқытушыларымен сұхбаттар жүргізіп, ғылыми жобалар және стартаптармен танысты.

Фильм Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан және Өзбекстан

елдеріндегі жасанды интеллект, робототехника, ғарыш технологиялары, цифрлық инфрақұрылым секілді заманауи бағыттардағы озық жетістіктерді қамтиды.

Тележобаның бір бөлімі ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық әлеуеті, зерттеу орталықтары мен жас ғалымдарының жұмыстарына арналды.

Бұл түсірілім ҚазҰУ-дың халықаралық имиджін көтеріп, Түркі әлеміндегі білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосады.

Алмат ИСАДІЛ

Ғалымдар 110 жаңа ғылыми жоба

ұтып алды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының 110 ғылыми жобасы 2025-2027 жылдарға арналған гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстарында жеңіске жетті.



ландыру конкурсы аясында 65 жоба жеңімпаз деп танылып, жалпы сомасы 7,15 млрд теңге бөлінді.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 2,77 млрд теңге болатын 6 жоба мақұлданды.

Аталған жобалар отандық ғылымды дамытуда маңызы жоғары деп танылды.

Айта кетейік, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ елімізде жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалар саны бойынша көш бастап тұр. 2025 жылы университетте жалпы құны 15,8 млрд теңге болатын 424 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс жүргізілуде.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Ажар Баешова – техника ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Түсті металдар мен халькогендердің электрохимиялық қасиетін және өндірістік айнымалы токтың әсерімен жүретін электродтық үрдістерді зерттеп, ультрадисперсті мыс және қорғасын ұнтақтарын алу, айнымалы токпен поляризациялау кезінде жүруі мүмкін болмайтын тотығу-тотықсыздану, еру, ұнтақтардың, қосылыстардың түзілімін анықтаған. «Қиын тотықсызданатын» селенат иондарының тотықсыздандыру тәсілдері, қиын байытылатын тотыққан мыс кендерін сульфидтеу, селенидтерді, түсті металдардың сульфидтерін және хризолла алу тәсілдері КСРО авторлық куәліктерімен және Қазақстан Республикасы патенттерімен қорғалған. Зерттеу нәтижелері химиялық және металлургиялық өндірістердің қалдықтарын өңдеуде және қолданылған ерітінділерді ауыр металл иондарынан тазартуда пайдаланылған.



Ажар БАЕШОВА, техника ғылымдарының докторы, профессор:

Біздің әдістермен алынатын реагенттердің экономикаға пайдасы зор

– Ғылыми тақырыпты айтпастан бұрын, ғылым жолына қалай түскенім жөнінде баяндау керек сияқты. Жасымнан кітапқа құмарттым, білімге құштар болдым. Сол кезде үлкен арманым болды. Білім жарқын болашаққа жетелейтінін бала кезімнен түсінгендеймін. Әлі кім болатынымды, қандай мамандықтың иесі болатынымды еркін түсінбесем де, «мен үлкен адам боламын, белгілі, танымал адам боламын» деген ойлар жиі келетін. Кішкентай кезімде «Қазақстан пионері» газетінен С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті туралы оқып, анама «Апа, мен өскен соң, КазГУ-ге оқуға түсемін» дегенім де есімде. Солтүстік Қазақстан облысында орыс мектебін алтын медальмен аяқтап, Алматыға жол тарттым. Осы қара шаңырақ – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетіне түсу бұйырды. Бұл факультетте аттары аңызға айналған ұстаздар Б.Бірімжанов, А.Шарифканов, М.Козловский, М.Усанович, О.Сонгина және олардың шәкірттері Н.Нұрахметов, А.Зебрева, Е.Абланова, Х.Оспанов және тағы басқа атақты ғалымдардан білім алдық, – дейді Ажар Қоспанқызы.

Оқу бітірген соң Қарағандыға жолдама алып, сол кездегі республикада екінші университет болып болашаққа қадам басқан Қарағанды мемлекеттік университетіне аттанды. Ұлы ұстаз, химия, металлургия саласындағы белгілі ғалым Евней Букетовтың жетекшілігімен аспирантура бітірді.

– Ғылыми тағылымдамадан сол – Қарағандыдағы Химия-металлургия институтында өттім. Осы институтта Қазақстанның өндіріс орындарындағы әртүрлі қиын мәселелермен шұғылданатын ғалымдардан тәлім-тәрбие ал-

дым. Осында жүріп өмірлік жарымды кездестірдім. Ол – химия ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

Абдуали Баешов. Қазіргі күнге дейін ғылым жолында бірге еңбек етіп келеміз. Осы ғылым ордасында болашақ ғылыми жұмыстарымыздың бастамасын алып, содан бері зерттеулермен шұғылдануды жалғастырудамыз. Қазақстанда кеңінен дамыған мыс өндірісінде кенді өңдеп, таза мыс алу процесінде көптеген қосалқы өнімдер түзіледі. Соның арасында құрамында бағалы металдар – алтын, күміс, сонымен бірге сирек элементтер болып табылатын селен мен теллур шлам түрінде жинақталып қалады. Шламның құрамында мыс ұнтағы да түзіледі. Осы бағалы химиялық элементтерді бөліп алу мәселесі өте қиын болып есептелген. Кандидаттық диссертациямның тақырыбы осы аталған шламдардың құрамындағы мыс және селеннің электрохимиялық қасиеттерін зерттеуге арналған еді. Тәжірибелер жасау барысында алты валентті селенді тотықсыздандырып, таза элемент күйінде бөліп алу әдісін жасап, КСРО авторлық куәліктерімен қорғап едік, – дейді Ажар апай.

Ғалымның докторлық диссертациясының тақырыбы бірқатар металдардың, оның арасында қиын балқитын титанның қалдықтарынан олардың бағалы қосылыстарын алу әдістерін жасауға арналған. Осы бағытта бірқатар патенттер алды. Соның арасында Еуразиялық патенттік бюроның патентін ерекше атап өтуге болады. Титан, қорғасын, мыс, темір және тағы басқа металдардың қосылыстары, дәлірек айтқанда, оксидтері, гидроксидтері, тұздары әртүрлі салаларда қолданыс табады. Ал бұларды белгілі әдістермен алу түрлі қиындықтармен іске асырылады. Жоғары температураларда жүргізуді қажет етеді. Олар көпсатылы және бірқатар зиянды қосылыстарды қолданумен іске асырылады.

– Біз жасаған әдістер бойынша аталған химиялық қосылыстар бөлме температурасында ешқандай қосымша реагенттерді пайдаланбай жүргізіледі. Бұл әдістер экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді. Сонымен қа-

тар осы металдардың электрохимиялық қасиеттерін зерттеу барысында өндіріс орындарындағы ағызынды сулардың және пайдаланылған ерітінділердің құрамындағы алтын, күміс, мыс, селен, теллур сияқты элементтерді таза күйде бөліп алу әдістерінде жасадық. Осы әдістерді жасау ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруымен іске асырылуда. Бөлінген қаржы лабораторияға қондырғылар, реагенттер алып, зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етті. Бұл зерттеулер бір-екі күндік жұмыстар емес. Олардан нақты нәтижелер алу үшін айлар, жылдар қажет. Бүгінде зерттеулердің нәтижелері патенттермен қорғалып, отандық және шетелдік журналдардағы мақалалар, монография сияқты еңбектерде жариялануда. Сонымен бірге студенттердің бітіру жұмыстары, магистрлік және PhD диссертациялар қорғалуда. Дәл қазір елге, дамуымызға, экономикаға тигізетін пайдасын бағалау қиын. Десе де, көптеген металдар қосылыс-

тарының қолданылу салаларына тоқтасақ, біз жасаған әдістермен алынатын реагенттердің экономикаға пайда келтіретіні сөзсіз, – дейді ғалым. – Бір жағынан қарағанда, бұл қосылыстар осы күнге дейін пайдаға аспай, жинақталып қалған металл сынықтарын, жоңқаларын өңдеуді, демек, қоршаған ортаны тазартуды қарастырса, екінші жағынан – арзан, тиімді жолдармен аса қажет химиялық қосылыстарды синтездеу. Қазір бейорганикалық қосылыстарды электрохимиялық әдістермен синтездеу бағыты бірқатар өндіріс орындарын қызықтыруда. Сонымен бірге мыстың электрохимиялық қасиетін зерттеу барысында біз осы металдың әртүрлі салаларда кеңінен қолданылатын, аса майда, ультрадисперсті ұнтақтарын алу әдістерін жасап, бірнеше патенттерге ие болдық. Осы ұнтақтарды «Grand Metal Corporation» ЖШС мекемесі өндіріп, сатылымға қойған болатын.

Ғалымның екінші қыры – ұстаздық жол. Білгеніңді өзгеге үйрету, жастарды тәрбиелеу – бұл жауапкершілігі зор іс. Ажар Қоспанқызының ғылыми жетекшілігімен 4 кандидаттық диссертация, 70-тен астам магистрлік диссертация және 100-деген дипломдық жұмыстар қорғалған. Бірнеше рет кандидаттық және докторлық диссертацияларды ресми оппонент ретінде сараптап, пікірлер дайындады, диссертациялық кеңестердің мүшесі де болды. Профессордың 700-ден астам ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері, авторлық куәліктері мен патенттері бар. Химия және экология пәндерінен қазақ тілінде жазылған оқу құралдары бүгінде студенттердің игілігіне жарап тұр.

Ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденіс уақыт өте келе өз нәтижесін берді. Ғылыми орта оның еңбегін жоғары бағалады. 2003 жылы білім, ғылым және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, академик Е.А.Бөкетов атындағы сыйлыққа ие болды. Бұдан бөлек, «Қ.А.Ясауи университетінің қайраткері», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының жеңімпазы, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Бүкілодақтық өнертапқыштар қоғамы тарапынан «Өнертапқыштар мен рационализаторлар үздігі» атақтарының иегері атанды. Ол – Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары фермерлік өнімдерді өңдеуге арналған «Dayar 20» атты мобильді лиофилизациялық қондырғыны жасап шығарды.


Бұл заманауи құрылғы ауылшаруашылық өнімдерін табиғи қалпында сақтап, олардың сапасын жоғалтпай, ұзақ уақытқа дейін тұтынуға мүмкіндік береді. Ең басты ерекшелігі – қондырғыны егіс даласына, бау-бақшаға немесе шалғай фермаларға апарып, өнімді сол жерде өңдей алуы.

Өнімдерді ұзақ сақтайтын инновациялық қондырғы

«Лиофилизация немесе сублимациялық кептіру – бұл мұздатылған өнімнен суды төмен қысымда буландырып, оның табиғи құрылымы мен пайдалы қасиеттерін сақтап қалатын озық технология. «Dayar 20» қондырғысы арқылы кептірілген өнімдер дәмі, түсі, иісі, пішіні және құрамындағы дәрумендерімен бірге ұзақ уақытқа жарамды болып қала береді», – деді жоба жетекшісі, химия саласындағы PhD, Табиғи қосылыстар мен полимерлердің органикалық заттар

химиясы және технологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Дәрілік заттардың органикалық синтезі және химиясы зертханасының меңгерушісі Ербол Ихсанов.

Оның сөзінше, қондырғы жеміс-жидектерді (таңқурай, бұлдірген, өрік, қарақат), көк-өністерді (сарымсақ, жусай, көк пияз), ет пен сүт өнімдерін (қазы, сиыр еті, түйе сүті), тіпті дайын тағамдар мен балыққа дейін жоғары сапада кептіре алады. Құрғақ өнімдерді арнайы тоңазытқышсыз бөлме



температурасында бір жылдан үш жылға дейін, ал арнайы қаптамамен 10-50 жылға дейін сақтауға болады.

«Dayar 20» – фермерлер үшін сенімді көмекші ғана емес, сонымен қатар агро-

өнеркәсіптік кешен мен өңдеу саласын жаңғыртуға жол ашатын технологиялық серпіліс. Бұл құрылғы әсіресе таулы және шалғай аудандардағы шаруашылықтар үшін тиімді шешім.

Инновациялық жобаны жүзеге асыру арқылы ҚазҰУ ғалымдары ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге нақты үлес қоспақ.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім-ғылым саласын жетілдіруге үнемі көңіл бөліп келеді. Білім саласы, оның ішінде университеттік ғылымды дамыту қажеттігін әрдайым айтып жүреді.

Естеріңізде болар, 2023 жылы 7 қарашада ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевты жеке қабылдап, білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру, сондай-ақ университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Осы тапсырмаға сәйкес, Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында бой көтеріп, іске қосылғанын білесіздер.



ғалымдары Plant Factory (өсімдіктер фабрикасы) қағидаты бойынша энергия үнемдейтін жылыжайды сәтті сынақтан өткізді. Осы орайда, көкөніс, жидек және басқа да дақылдарды топырақсыз, жасанды ортада – қоректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру әдісін енгізді.

Аты аталған зерттеулер мен ізденістерден соң «Құрғақ климатты аймақтардағы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы» жобасы дайындалды. Мамандардың айтуына қарағанда, бұл жобаның артықшылығы – суды тұтынуды 30

Farabi Hub университеттер, ғылыми институттар, сондай-ақ инвестор компаниялармен серіктестік байланыс орнатуда. Бірлескен зерттеулер жүргізіп, жаңа технологиялар әзірлей бастады. Farabi Hub ғылыми-зерттеу орталығындағы іргелі жобалардың бірі – «Қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы. Біз бүгін оқымандарды осы зертхананың жай-күйімен таныстыруды жөн көрдік.

Қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану зертханасы өткен жылдың наурыз айында ашылды. Қытай Ғылым академиясының Экология және география институтымен бірлесіп құрылған орталықта қашықтықтан зондтау арқылы спутниктік және геокеңістіктік талдаудың озық әдістері пайдаланылады. Зертхана мамандарының айтуынша, мұнда ғалымдар Орталық Азия климатының, экологиясының өзгеруі, құрғақшылық, жер деградациясы, суресурстарының тапшылығы және Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі және тағы басқа қоршаған орта мәселелеріне байланысты құбылыстарға сараптама талдау жұмыстарын жүргізеді.

Зертхананың негізгі мақсаты – қоршаған ортаның жай-күйін бақылап бағалау, сонымен бірге болжамдық модельдерді дайындайтын ғылыми платформа қалыптастыру.

Орталық мамандарының айтуына қарағанда, зерттеу орталықтарынан айырмашылығы – мұнда спутниктік кескіндерді, жердегі өлшемдерді және ұшқышсыз ұшу аппараттарынан алынған деректердің басын біріктіре отырып, өңдеудің мультиплатформалық технологиялары қолданылады. Бұл табиғи процестердің алдын алуға әрі аймақтың экологиялық жағдайына ықпал

ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Бұған басты себеп – қазіргі таңда еліміз кешенді және жүйелі іс-әрекетті талап ететін күрделі экологиялық және экономикалық қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр. Адамзаттың өмір сүру әдебіне, тұрмыс-тіршілігіне, жалпы, экономиканың барлық секторына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – жаһандық климаттың өзгеруі. Ғалымдар 2050 жылға қарай маусымдық кезеңнің басталуы кем дегенде 10 күнге ауысатынын айтып дабыл қағуда. Соңғы зерттеулерге қарағанда, құрғақшылық пен аяздың жиілігі артады. Мұндай жағдай аграрлық сектор мен жалпы экономика үшін қосымша қиындық, кедергі тудырады. Климаттың өзгеруі жағдайында суды үнемді жұмсау маңызды бола түседі. Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту, топырақтың ластануын, әсіресе мұнай өнеркәсібі дамыған аймақтарда жердің құнарлылығын қалпына келтіру шұғыл шаралар қабылдауды қажет етеді.

Осы орайда, ғалымдардың пайымынша, қашықтықтан зондтау технологияларын қолдану ауылшаруашылық алқаптары мен ландшафттардың



жай-күйінің өзгеруін дәлірек бақылай алады. ҚазҰУ ғалымдары табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың инновациялық шешімін қарастыра отырып, «Құрғақ климатты аймақтардағы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы» ұсынысын әзірледі. Бұл жоба бойынша тамшылатып суару әдісі қолданылады. Атап айтқанда өсімдіктерді күндіз ыстықтан, түнде суықтан қорғайтын Groasis Waterboxx құрылғысы орнатылған «ақылды» жылыжай түрлерін салу көзделеді. Онда топырақтың, ылғалдың және температураның мөлшері автоматты түрде

басқарылып, ылғал ұстап тұратын қоспалар пайдаланылады.

Бүгінде ҚазҰУ ғалымдары, оның ішінде физика-техникалық, химия және химиялық технология, биология және биотехнология факультеттерінің зерттеушілері судың шығынын реттейтін және оңтайлы микроклиматты сақтайтын мониторинг жүйелерін дайындады. Оқу ордасының «жасыл» технологиялар саласындағы әзірлемелері жылыжайлар мен ауылшаруашылық нысандарын тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар университет

пайызға дейін азайтып, өнімділікті 15-20 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Судың жалпы қоры жылдан-жылға азайып келе жатқанын ескерсек, бұл әжептәуір үнем. Бұл жобаның тағы бір артықшылығын атап өтер болсақ, ол ғылыми-техникалық базаны жетілдіруге де ықпал етеді. Ғалымдар бұл бастаманы одан әрі жетілдіріп дамыту үшін мемлекеттік деңгейде қолдау қажет екенін айтады. Салалық министрліктер, әкімдіктер, ғылыми орталықтар мен жеке бизнестің ресурстарын жедел біріктірген күнде бұл жоба сөзсіз нәтижесін береді. Өйткені университеттік деңгейде өмірге келген жобалар жан-жақты қолдауды талап етеді. Оған оқу орнының мүмкіндігі азық етеді. Сондықтан күш біріктіру қажет. Сонымен қатар пилоттық жобаны енгізуге арналған нақты аймақ пен аумақтарды анықтап, қажетті қаржыландыруды қамтамасыз еткен жөн. Мамандар ғалымдар, инженерлер, агрономдар мен экономистерден құралған пәнаралық жұмыс тобы құруға тиіс екенін айтады.

Университет ғалымдарының пікірінше, мұндай кешенді әдіс жергілікті экономиканың дамуына ықпалды, әсіресе ауыл шаруашылығын қысқа мерзім ішінде жаңа деңгейге көтереді. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады. Сондай-ақ халықаралық нарықта қазақ жерін ғылым мен инновацияны тұрақты болашақ үшін қолданатын мемлекет ретінде танытады.

«Қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасының мамандары өз кезегінде пилоттық алаңдарды іске қосуға және оларды еліміздің климаты құрғақ өңірлерде кеңейтуге қатысты іс-қимыл жоспарын ұсынуға дайын.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Конституциялық заңнаманың қазіргі біртұтас жүйесі – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің негізі және оның құрылымына уақыт талабына сай бірнеше рет елеулі түзетулер енгізілді. Құқықтық шындық ҚР заң актілерінің құқықтық жүйедегі орны мен маңыздылығы олардың құрылымында басым орын алатын оларды шығарған билік институтына байланысты екенін көрсетеді. Бұған дәлел – ҚР Конституциясының құрылымы мен мазмұны (40-48-бап), оның бөлімдері билік тармақтарының мәртебесіне байланысты құрылған. Нәтижесінде Конституциялық және Жоғарғы соттардың актілері мен Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының актілері (т. ҚР 06.04.2016, 480-VI «Құқықтық актілер туралы» Заңының 10-бабы), оларда Конституциялық-құқықтық нормалардың болуына қарамастан, құрылымда ерекше орын берілген. Олардың негізінде мемлекеттің саясаты мен доктринасы қалыптастырылды. Оларға ғылым, теория және практика; бұл актілер ҚР Президентінің (2022ж.) және Конституциялық Соттың (ҚР Конституциялық сотының (12.06.2023ж.) «ҚР Конституциялық заңдылығының жай-күйі туралы» жолдауы) жыл сайынғы Жолдауларының басты тақырыптарының бірі болып табылады.

Қазақ тілін үйренуге ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ МОЛ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Шыңжаң университеті арасында 2023 жылы өзара ынтымақтастық туралы келісім жасалып, соның аясында студенттермен алмасу және оқытушыларды шақыру көзделген. Бұл келісім – Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру саласындағы байланыстың нығайып келе жатқанын көрсететін маңызды қадамдардың бірі.

сипаты, сөйлем құрылысының ерекшеліктері мен синтаксистік құрылымы қытайлық студенттер үшін тосын жайт болуы мүмкін. Сонымен қатар тілдік орта болмауы да оқыту үдерісіне өз әсерін тигізеді. Бұған қоса, қ, ғ, ұ, і сияқты тек қазақ тіліне тән ерекше дыбыстардың айтылуын меңгеру де студенттерге оңайға соқпайды. Жанна Уматова дыбыстау жаттығуларын, фонетикалық ойындар мен визуалды материалдарды кеңінен қолдану арқылы бұл қиындықтарды азайтуға күш салуда.

Студенттер тілді қытай тіліндегі оқулықпен меңгеруде. Дегенмен Жанна Уматова қосымша дидактикалық материалдар мен Қазақстанда қолданылатын оқыту ресурстарын да енгізіп отыр. Ол өз сабағында интерактивті әдістерді, заманауи технологияларды, аудио-видео материалдарды пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын оята біледі. Оның міндетіне тек тілді үйрету ғана емес, сонымен қатар қазақ халқына деген сүйіспеншілік пен құрметті қалыптастыру жүктелген. Бұл екі көршілес халық арасындағы өзара әрекеттестікті одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді.

Аудиториялық сабақтардан тыс, Наурыз, Қазақстан халықтарының Тілдер күні және басқа да мәдени іс-шараларды өткізу жоспарланған. Бұндай шаралар студенттерге қазақ халқының дәстүрі мен тұрмысын жақынырақ танып-білуге жол ашады. Сонымен қатар студенттер өз өнерлерін көрсетіп, қазақ өндерін орындап, ұлттық тағамдар дайындауға қатысады. Бұл тілдік білімді тек теориялық тұрғыда емес, практикалық әрі мәдени негізде меңгеруге ықпал етеді.

Алдағы уақытта осындай жобалар аясында ҚазҰУ мен Шыңжаң университеті бірлескен ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер және академиялық тәжірибе алмасуларын өткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ қазақ тілінде жазылған әдебиеттерді қытай тіліне аудару және керісінше жобалар қолға алынуы мүмкін. Бұл мәдениетаралық диалогты одан әрі нығайтуға қызмет ететін маңызды бастамалар.

Сәбира МАТАЙ,

Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы

қалыптастыру мен дамытуда да Конституцияның маңызы зор. 30 жылдық мерейтой – тек тарихи кезеңді бағалау ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағдар жасайтын маңызды сәт. Қазіргі уақытта еліміз демократиялық, әділетті әрі құқықтық мемлекет ретінде одан әрі даму жолында. Бұл жолда Конституция – бізге сенімді бағыт-бағдар беретін темірқазық.

Қорытындылай келе, Конституция күні – бұл әрбір қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтары қорғалғанын еске салатын, бірлігіміз бен тұтастығымыздың кепілі болып табылатын мереке. Ұсынылған құрылым жаңа Қазақстандағы құқық жүйесін құрылымдау үшін оның ішкі мазмұнына қарағанда нормативтік құқықтық актінің сыртқы нысанына (Конституциялық заң, кодекс, заң, қаулы және т.б.) аса маңызды рөл берілетіндігіне байланысты, ол конституциялық заңнамада да бар. Демек, ҚР конституциялық заңнамасын классикалық біртұтас мемлекет ретінде құрылымдау және оның элементтерінің құбылысы ең алдымен құқықтық жүйенің ерекшелігіне байланысты күрделі және уақытты қажет ететін процесс. Біздің жағдайда бұл соңғы уақытта Конституциялық заңнама құрылымының ішкі мазмұнына да әсер етуі мүмкін елеулі Конституциялық реформаларға ұшыраған жаңа Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мен басқаруының өзіндік нысаны.

Ернұр ОҢДАШҰЛЫ,

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы,

Мерей БЕЙСЕТБАЙ,
4-курс студенті



Құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы Конституцияның маңызы



Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанына 30 жыл толып отыр. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған бұл негізгі заң – еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының құқықтық негізі болды. Конституция – еліміздің басты саяси және құқықтық құжаты ретінде демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің негіздерін айқындады. Онда адам құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі, заң үстемдігі, билік тармақтарының бөлінуі және мемлекеттің зайырлы сипаты нақты көрсетілген.

Осы үш онжылдықта Конституция өзінің тұрақтылығы мен уақыт талабына сай бейімділігін көрсетті. Оның негізінде Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты. Саяси институттар мен азаматтық қоғам дамыды, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүзеге асты. Ақырында, ол бір уақытта бірнеше құқықтардың қайнар көзі бола алады. Бұл Конституцияның негізгі қағидаттарына негізделген классикалық біртұтас мемлекет ретінде Қазақстанның конституциялық заңнамасы құрылымының мәні мен мазмұны, оның құқықтық табиғаты. Г.Сапарғалиевтің әділ пікірі бойынша, Конституцияда қазақстандық унитаризмнің құқықтық негізі айқындалған: аумақтық тұтастық және оның бірлігі, сондай-ақ мемлекеттік билік, ішкі және сыртқы егемендік органдарының жүйелері, бірыңғай конституциялық және жалпы заңдылық және т.б. (Сапарғалиев 2002, 201).

Конституцияның басты ерекшелігі – адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде танылуы. Бұл қағида еліміздің дамуында басшылыққа алынатын негізгі ұстанымдардың бірі болып келеді. Қоғамдағы құқықтық мәдениетті

Одной из задач 4 цели устойчивого развития «Качественное образование» (ЦУР 4) является существенное увеличение к 2030 году числа молодых и взрослых людей, обладающих востребованными навыками, в том числе профессионально-техническими навыками, для трудоустройства, получения достойной работы и занятий предпринимательской деятельностью.

Практико-ориентированные методы обучения – это подход к обучению, основанный на активном взаимодействии студентов с практическими заданиями, ситуациями и проблемами, которые они могут встретить в реальной жизни. В отличие от традиционных методов, где учебный процесс основан на передаче знаний от преподавателя к студенту, практико-ориентированные методы ставят акцент на практическое применение знаний и навыков.

Практико-ориентированные методы обучения могут включать в себя такие формы работы, как практика, проектная деятельность, игровые технологии, кейс-технологии, дуальное обучение, практические экскурсии, технологии сотрудничества (стажировки, тренинги, обучающие семинары, мастер-классы) и другие активные формы обучения. Они позволяют студентам применять полученные знания в реальных ситуациях, развивать свои навыки и умения, а также учиться работать в команде и принимать решения на основе анализа и оценки различных факторов. Теперь хотим остановиться на тех методах, которые используют преподаватели кафедры физической химии, катализа и нефтехимии факультета химии и химической технологии Казахского национального университета имени аль-Фараби в рамках практико-ориентированного обучения.

Трудоустройству и ускоренной адаптации в будущей профессиональной деятельности выпускника способствует, в первую очередь, грамотная и целенаправленная методическая помощь в организации и проведении практики обучающихся.

В ходе **учебной практики** студенты познакомились с достижениями кафедр факультета химии и химической технологии, а также Центра физико-химических методов исследования и анализа, научно-технологического парка КазНУ имени аль-Фараби. Это дало студентам общие знания о будущей профессии, в том числе о конкретных профессиональных компетенциях, которые требуются для исполнения должностных обязанностей на рабочем месте, о последовательности и методах их формирования в период обучения в университете, что должно способствовать осознанному выбору профиля подготовки бакалавров. Студенты встретились с представителями научных направлений кафедры физической

химии, катализа и нефтехимии, в частности, выполняющих проекты под руководством профессоров Оспановой А.К., Сейлхановой Г.А., и.о. доцента Тоштай Қ. Эти группы привлекали внимание студентов тем, что в них активно участвуют и обучающиеся младших курсов.

Проектные технологии подразумевают самостоятельную деятельность обучающихся (индивидуальную, парную, групповую), которая производится на протяжении установленного отрезка времени.

Под руководством доцента кафедры, кандидата химических наук Ташмуханбетовой Ж.Х.

работы студентов и итоговом контроле кейс-задания. Технология заключается в предоставлении студентам ситуации, содержащей проблему, противоречие или вопрос, способной спровоцировать дискуссию, активное обсуждение. При этом оптимальное решение может быть одно, тогда как

для студентов 3 курса организованы экскурсии в Институт химических наук имени А.Б.Бектурова, на предприятие «ЛУКОЙЛ Лубрикантс Центральная Азия», в частности, на современный завод по производству смазочных материалов, где обучающиеся ознакомились с роботизированными производственным цехом и складом хранения готовой продукции, а также современной лабораторией контроля качества.

Теперь обозначим проблемы, возникающие при внедрении практико-ориентированного обучения в вузе:

1. Преодоление стереотипа мышления у преподавателя по организации процесса обучения: перейти от технологии передачи знаний к технологии обучения с приобретением опыта.

2. Недостаточная организация преподавателями вузов программ повышения квалификации для сотрудников предприятий и прохождения ППС производственных стажировок.

3. Дуальное обучение, как основная форма практико-ориентированной технологии, не получило должного развития.

4. Дуальное обучение предполагает активное участие предприятий, что в настоящее время вызывает определенные трудности.

5. Доля участия студентов младших курсов в выполнении научных проектов - менее 50%, хотя научно-исследовательская деятельность на любом этапе обучения способствует повышению уровня научной подготовки специалистов с высшим образованием.

Развитие практико-ориентированной технологии в вузе может происходить при выполнении следующих задач:

1. Повышение профессиональной компетенции преподавателя в знании производства.

2. Развитие долгосрочных взаимно заинтересованных связей с предприятиями и организациями по профилю обучения.

3. Развитие научно-исследовательских и проектно-конструкторских работ с участием студентов.

4. Практиковать выдачу студентам младших курсов сквозных творческих проектов, переходящих в выпускные квалификационные работы.

5. Расширить дуальное обучение, так как согласно Правилам организации дуального обучения в организациях высшего и (или) послевузовского образования (Приказ Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан от 27 июля 2023 года № 361) оно может осуществляться как по отдельным дисциплинам, так и по модулям.

Таким образом, практико-ориентированные технологии предоставляют свободу в выборе образовательного маршрута, являются гибкими в перестройке структур и содержания профессионального образования в быстро изменяющейся конъюнктуре рынка труда.

Рауия ИСКАКОВА

Сауле НАРЕНОВА

и.о. доцента кафедры физической химии, катализа и нефтехимии

Успешный путь к трудоустройству



В период **производственной практики** студенты приобретают опыт профессиональной деятельности в качестве стажёров или дублёров специалиста: изучение технологии производства, ознакомление с технологическим оборудованием процесса производства продукта, особенности контроля и управления технологическим процессом и т.д. Приобретается опыт решения конкретной производственной задачи под руководством профессионала в соответствии с индивидуальным заданием.

Представляем список предприятий, которые являются базой практик для студентов, обучающихся по образовательным программам «6В07104 - Химическая технология органических веществ» и «6В05301 - Хи-

мическая технология органических веществ» и «6В05301 - Химическая технология органических веществ» студенты старших курсов и магистранты выполняют в рамках самостоятельной работы исследовательские проекты. Такие работы выполняются и в рамках итогового контроля. В этом случае задания выдаются заранее, в течение семестра. Длительность – несколько дней или недель, на усмотрение преподавателя. Срок сдачи – в соответствии с расписанием экзаменов. Такие задания практикует профессор Сейлханова Г.А. Кейс-технологии направлены на формирование квалифицированных выпускников посредством решения ими реальной или смоделированной проблемной ситуации в контексте профессиональной деятельности, представленной в виде кейса. Старший преподаватель кафедры Батырбаева А.А. практикует при выполнении самостоятельной

альтернативных решений несколько. Ситуация заставляет обучающихся искать новое в известном.

Практические занятия по дисциплине «Метрология и стандартизация» преподаватель кафедры Исакова Р. А. проводит в виде деловой игры по плану, разработанному самими студентами с учетом заданий, которые должны были быть выполнены согласно методическим рекомендациям. Студенты-организаторы проводили контроль знаний в различной игровой форме, что делало занятие достаточно интересным и живым.

Практические экскурсии – это отличный способ показать студентам, как теоретические знания применяются на практике. Преподавателями кафедры Исаковой Р. А. и Нареновой С. М. в этом учебном году

№	Наименование базы практики	Адрес
1	ТОО «OilSert International»	г. Алматы, ул.Гоголя, 201
2	ТОО «Epsilon Group»	г. Актобе, с.Сазды, ул.Онеге, 1/2
3	ТОО «Амангельдинский ГПЗ»	Жамбылская обл., с.Аса, ул.Абая
4	ТОО «ЛУКОЙЛ Лубрикантс Центральная Азия»	Илийский район, пос. Байсерке
5	ТОО «VS Engineering»	г. Алматы, ул. Тимирязева, 28в
6	ТОО «PetroRetail»	г. Астана, проспект Туран, здание 1
7	ТОО «ПолихимТех - Алматы»	г. Алматы, ул.Сатпаева, 97/15
8	Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова	г. Актобе, ул. А. Молдагуловой, 34
9	ТОО «Институт высоких технологий»	г. Алматы, ул.Богенбай батыра, д.168
10	АО «Институт химических наук имени А.Б.Бектурова»	г. Алматы, ул. Ш.Валиханова, 106

Біздің әрқайсымыз дәрігерге бару тез, тиімді және жайлы болғанын қалаймыз. Бірақ емханалар мен ауруханалар қателіксіз жұмыс істеп, пациенттер ең жақсы көмек алатындай қалай жасауға болады? Жауап денсаулық сақтаудағы сапа менеджментінде жатыр – бұл медициналық мекемелерді біріміз үшін жақсартуға көмектесетін ғылым, әсіресе Қазақстандағы тәжірибе арқылы.

Сапа менеджментінің медицинадағы рөлі

САПА МЕНЕДЖМЕНТИ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Емхананы үлкен ұйым деп елестетіңіз. Дәрігерлер, медбикелер, әкімшілер – бәрі пациент сапалы көмек алуы үшін үйлесімді жұмыс істеуі керек. Сапа менеджменті – қателіктерді болдырмауға, кезектерді азайтуға және дәрігерге әрбір барудың пайдалы болуына көмектесетін ережелер мен тексерулер жүйесі. Оның маңызды бөлігі – ішкі аудит, яғни емхана өз жұмысын өзі тексеріп, кемшіліктерді жояды. Бұл тек стандарттар мен құжаттар ғана емес, сонымен қатар пациенттердің өздерін естілгендей сезінуіне қамқорлық.

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі қарқынды дамып жатқан кезде сапа менеджменті заманауи медицинаны құрудың негізіне айналады. Мысалы, Алматыдағы кейбір емханалар ішкі аудитті енгізу арқылы қызмет сапасын арттырды. Бұл пациенттердің көңілінен шығуына әсер етті.

диагноз қою жағдайларын 20 пайызға азайтты, бұл пациенттердің қауіпсіздігін арттырды.

- Сенімнің артуы. Шымкенттегі зерттеу көрсеткендей, сапалы қызметке риза пациенттер дәрігердің ұсыныстарын жақсы орындайды, бұл тезірек сауығуға әкеледі.
- Уақытты үнемдеу. Ақтөбе облысындағы емханаларда процестерді жақсарту нәтижесінде қабылдау күту уақыты 30 пайызға қысқарды. Бұл пациенттерге ыңғайлылық әкелді.

МӘМС ЖӘНЕ САПА: ОЛАР ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСТЫ?

Қазақстандағы МӘМС жүйесі әрбір азаматтың медициналық көмек алуын қамтамасыз ету үшін құрылған. Бірақ сапа менеджментісіз, әсіресе ішкі аудитсіз, тіпті ең үлкен инвестициялар нәтиже бермейді. Жақсы ұйымдастырылған процестер, мысалы, Павлодар облысындағы емханаларда ішкі аудит арқылы МӘМС қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл пациенттерге заманауи ем алуға, ал дәрігерлерге қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Халықаралық сапа стандарттарын енгізу Қарағандыдағы ауруханаларды әлемдік деңгейге жақындатты.

БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

Сапа менеджменті – бұл бүгінгі емханалардың жұмы-

сын жақсарту ғана емес, сонымен қатар болашақ медицинаға қадам. Қазірдің өзінде Қостанай облысында пациенттердің пікірін білу үшін сауалнамалар жүргізілуде. Бұл нені жақсарту керектігін түсінуге көмектеседі. Ішкі аудит арқылы емханалар тезірек, дәлірек және адамдарға көбірек көңіл бөліп жұмыс істеуді үйренуде. Болашақта дәрігерге бару жақсы қызмет көрсету орталығына бару сияқты қарапайым және жағымды болады.

БІЗ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫЗ?

Денсаулық сақтаудың сапасы тек дәрігерлер мен әкімшілерге ғана емес, сонымен қатар өзімізге де байланысты. Емханаға барғаннан кейін пікір қалдыру немесе сауалнамаларға қатысу арқылы сіз медицинаны жақсартуға көмектесесіз. Мысалы, Семейдегі емханалар пациенттердің кері байланысы арқылы қызметті жақсартты. Әрбір дауыс маңызды, өйткені ол нені өзгерту керектігін көрсетеді.

Денсаулық сақтаудағы сапа менеджменті, әсіресе ішкі аудит – бұл пациент әрқашан назар орталығында болатын медицинаға апаратын жол. Бұл жай ғылым емес, әрбір қазақстандықтың денсаулығына деген қамқорлық.

Думан БЕКЕНОВ,
медицина және денсаулық сақтау факультетінің 2-курс магистранты

Жазғы мектепте ЖИ мүмкіндіктері талқыланды




Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық білім беру кеңістігіндегі беделінің артуы мен сыртқы академиялық ұтқырлық саясатын тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру мақсатында Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы Араб бөлімі ұйымдастырған Халықаралық жазғы мектеп өз мәресіне жетті.

Жазғы мектепке Түркия (Gaziantep İslam Bilim Ve Teknoloji Üniversitesi, İslami İlimler Fakültesi, Ez-Zehraa Üniversitesi, Arab Dili Fakültesi, Газиантен), Италия (L'Orientale университеті, Неаполь), Мысыр Араб Республикасы (әл-Азһар университеті, Каир), Бангладеш (Dhaka университеті, Дакка) елдеріндегі бірқатар ЖОО-лардың білім алушылары қатысты.

Жазғы мектептің мақсаты – білім алушылардың шет тілін үйренудегі дағдыларын жетілдіруге, заманауи технология мүмкіндіктерін пайдалану арқылы араб тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін терең түсініп, сол тілде қарым-қатынас орнату мүмкіндіктеріне жол ашуға бағытталады. Жасанды интеллект технологияларын араб тілін үйренуде қолдану – мың жылдық тарихы тілдік мұраны заманауи технология мүмкіндіктерімен байланыстыратын алтын көпір іспетті.

Араб бөлімінің оқытушы-профессорлар құрамы мен бөлімнің шетелдік шақырылған профессорларынан тұратын халықаралық жазғы мектеп спикерлері ЖИ-дің араб тілін үйренушілерге оңтайлы әрі интерактивті оқу тәжірибесін ұсынатынын, ол арқылы білім алушыларға араб тілін оңай әрі қызықты үйренуге көмектесетін ойындар мен интерактивті қосымшалар әзірлеуге, әрбір оқушының жеке қажеттілігін анықтап, оның қабілеті мен білім деңгейіне сай білім беру тәжірибесін ұсынатын бағдарламалар мен электрондық кітаптар, аудиожазбалар, бейнесабақтар, тесттер, оқу ойындарынан тұратын онлайн араб тілі курстарына арналған бағдарламалар, араб тілін үйретуге арналған мобильдік қосымшалар мен оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын дамытуға септігін тигізетін араб тіліне арналған бейне ойындар сынды түрлі оқу ресурстарын жасау мүмкіндіктері бар екенін



теория және практика жүзінде түсіндірді.

Жазғы мектеп спикерлері жасанды интеллектіні араб тілін оқытуда қолданудың артықшылықтары мен қиыншылықтарына арнайы да тоқталып өтті: ЖИ арқылы араб тілін жеке оқу әр студенттің қажеттілігіне сай бейімделген оқу тәжірибесін ұсынатыны, интерактивтік ойындар мен қосымшалар оқу процесін қызықты әрі белсенді ететіні, 24 сағат білімге қол жеткізу, кез келген жерде оқу сынды тұрақты білім алу мүмкіндігіне ие бола алу – шет тілін үйренуде ЖИ қолданудың артықшылықтары саналса, ЖИ ұсынған кейбір деректің ғылыми немесе танымдық негізінің болмауы, қателікке жол беретін ақпараттардың кездесетіні – ЖИ қолданудың кемшіліктері екенін атап өтті.

Жазғы мектеп қатысушылары араб тілінде коммуникация орнату дағдыларын қалыптастыру, араб тілінің фонетикалық ерекшеліктерін, дауысты және дауыссыз дыбыстардың дыбыстық бейнелерін, артикуляциялық ерекшеліктерін түсіндіру, қазіргі заманғы білім беру технологияларын (араб грамматикасы бойынша онлайн-жаттығулар, онлайн-сөздіктер) когнитивті мақсатта пайдалануды үйретудің ЖИ арқылы оңтайлы әдіс-тәсілдері жайлы мол ақпарат ала алды.

Халықаралық жазғы мектеп қатысушыларына арнайы сертификаттар табыс етілді.

Айдынғүл ХАВАН,
Шығыстану факультеті
Араб бөлімінің меңгерушісі

Курсанттар ант қабылдады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған курсанттардың әскери ант қабылдау салтанатты рәсімі өтті.



сының бастығы, запастағы полковник Олег Ажимов өз сөзінде биыл ҚазҰУ-дың 739 студенті мен Алматы қаласының 13 ЖОО білім алушылары ант қабылдап, олар енді «запастағы лейтенант» әскери атағын алу үшін арнайы дайындықтан өтетінін атап айтты.

Әскери кафедра студенттерінің биылғы шығарылымы

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Михаил Мишустин Омбыдағы ҚазҰУ филиалының жұмысымен танысты



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,
үш компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.